

## Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Заңы 1993 жылғы 10 желтоқсан N 4100. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2001.05.08. N 198 Заңымен. ~Z010198

Бұл Заң Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару жүйесін, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыретін, оларды ұйымдастыру тәртібі мен қызметін айқындайды.

## I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар, олардың міндеттері

Облыс, аудан, қала (аудандық бағыныстағы қаладан және қаладағы ауданнан, поселкеден, ауылдан (селодан), ауылдық (селолық) округтен басқасы) аумағындағы халықтың өкілді органы Мәслихат - Депутаттары жиналысы болып табылады.

Мәслихаттар - Депутаттар жиналысы жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, тиісті әкімшілік-аумақтық мекен халқының еркін білдіріп, жүзеге асырады.

Облыс, аудан, қала, қаладағы аудан аумағындағы атқарушы орган Қазақстан Республикасы Президентінің тікелей өкілі - жергілікті әкім болып табылады. Жергілікті әкім дара басшылық қағидаттарымен әрекет етеді және мемлекеттік басқару қызметін жүзеге асырады.

Поселке аумағында атқарушы орган әкімі, ал ауыл (село), ауылдық (селолық) округ аумағында - село әкімі болып табылады.

Өкілді және атқарушы органдар тиісті аумақтың әлеуметтік және экономикалық даму бағдарламаларының орындалуын, жергілікті жерлерде Қазақстан Республикасы Конституциясының заңдарының, Жоғарғы Кеңес қаулыларының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті құжаттарының, жоғарғы тұрған Мәслихаттар - Депутаттар жиналыстары мен әкімдердің өз құзыреті шегінде қабылданған шешімдерінің орындалуын, республикалық және жергілікті өкімет органдары арасындағы байланысты, халықты жергілікті істерді басқаруға қатыстыруды қамтамасыз етеді.

Облыстық, аудандық, қалалық және қалалардағы аудандық поселкелік және селолық әкімшіліктер Республиканың мемлекеттік атқарушы билігінің бірыңай жүйесіне кіреді.

2-бап. Мәслихатты - Депутаттар жиналысын сайлау, әкімдерді тағайындау

Мәслихатты - Депутаттар жиналысын Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық мекенінде тұратын азаматтары бес жыл мерзімге сайлайды.

Сайлауды өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңымен белгіленеді.

Тиісті мәслихат депутаттарының санын (жоғары және төменгі шегі) Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы мынадай шекте анықтайды: облыстық мәслихатқа, Астана және Алматы қалаларының мәслихаттарына - 50-ге дейін; қалалық мәслихатқа - 30-ға дейін, аудандық мәслихатқа - 25-ке дейін.

Депутаттар санын тиісті Мәслихат - Депутаттар жиналысы мынадай шекте белгілейді: облыстық Мәслихат - Жиналысқа, Алматы қалалық Мәслихат - Жиналысына - 50-ге дейін, қалалық Мәслихат - Жиналысқа - 30-ға дейін, аудандық Мәслихат - Жиналысқа - 25-ке дейін.

Депутаттардың белгіленген санының кемінде төрттен үш бөлігі сайланған жағдайда Мәслихат - Депутаттық жиналыс заңды деп есептеледі.

Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық әкімдерін - Қазақстан Республикасының Президенті, аудандық, қалалық әкімдерді облыстың әкімі Қазақстан Республикасы Президентінің келісуі бойынша қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қаладағы ауданның, аудандық бағыныстағы қаланың әкімін тиісінше қаланың, ауданның әкімі облыс әкімінің келісуі бойынша қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

ЕСКЕРТУ. 2-баптың 3 бөлігінің күші Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 130-І Заңының қолдану мерзіміне тоқтатыла тұрады. Z 9 7 0 1 3 0 \_

3-бап. Мәслихат - Депутаттар жиналысының басқа Мәслихат - Депутаттар жиналыстарымен өзара қатынасы

Мәслихаттар - Депутаттар жиналыстары қызметін өзінің құзыреті шегінде дербес жүзеге асырады және тікелей қосымша бағыныстылықта болмайды.

Жоғары тұрған Мәслихат - Депутаттар жиналысының өз құзыреті шегінде

кабылданған және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін шешімдерін төменгі Мәслихаттар - Депутаттар жиналыстары міндетті түрде орындауға тиіс.

Әртүрлі деңгейдегі Мәслихаттар - Депутаттар жиналыстары арасында өздерінің аумағындағы мүлікті иелену мәселелері жөніндегі туындаған келіспеушіліктерді, сондай-ақ олардың бюджеттері арасындағы кірістердің аражігін ашу ісін сот қарап, шешеді.

Жоғары тұрған Мәслихат - Депутаттар жиналысы төменгі Мәслихат - Депутаттар жиналысына өз өкілеттігінің бір бөлігін беруге және төменгі Мәслихаттар - Депутаттар жиналысы өкілеттігінің бір бөлігін өзара келісім бойынша өзіне алуға құқылы.

Мәслихат - Депутаттар жиналысы аумақтың экономикалық және әлеуметтік даму мәселелерін шешу үшін басқа әкімшілік-аумақтық мекеннің Мәслихаттарымен - Депутаттар жиналыстарымен өзара іс-қимылды шарттық негізде жүзеге асырады.

4-бап. Мәслихат - Депутаттар жиналысының жергілікті әкімшілікпен өзара қатынасы

Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшіліктің өзара қатынасы өздерінің қызметін бөлісу және өз өкілеттігін дербес жүзеге асыру, жергілікті әкімшіліктің осы заңда белгіленген мәселелер бойынша Мәслихатқа - Депутаттар жиналысына бағыныстылық қағидаты негізінде құрылады.

Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшілік өздеріне берілген өкілеттік шегінде тиісті аумақтың кешенді әлеуметтік-экономикалық дамуын, азаматтар құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету, олардың заңды мүдделерін қанғаттандыру үшін жауапты болуды негізге алады.

5-бап. Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшіліктің кәсіпорындармен, ұйымдармен және мекемелермен өзара қатынасы

Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшіліктің кәсіпорындармен, ұйымдармен және мекемелермен өзара қатынасы Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшіліктің өз құзыреті шегінде қабылданған шешімдерінің міндеттілігі негізінде, сондай-ақ аумақтың, кәсіпорындар мен еңбек ұжымдарының өзара мүдделерін ескеретін шарттар негізінде құрылады.

Мәслихат - депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшілік-кәсіпорындардың,

ұйымдар мен мекемелердің азаматтар құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын құжаттарын жарамсыз деп тану туралы, сондай-ақ олардың халыққа, тиісті аумаққа келтірген залалын өтеу туралы сотқа талап арыз жасауға, ал сот шешімді қабылдағанға дейін талас тудыратын құжаттардың күшін тоқтата т ұ р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер Мәслихат - Депутаттар жиналысының, жергілікті әкімшіліктің өз құқықтарын бұзатын құжаттарын заңсыз деп тану туралы және Депутаттар жиналысының, жергілікті әкімшіліктің заңсыз әрекеттерінен келген залалды өтеу туралы сотқа талап арыз жасауға қ ұ қ ы л ы .

#### 6-бап. Заңды ұйым құқықтарын пайдалану

Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшілік заңды ұйым қ ұ қ ы қ т а р ы н п а й д а л а н а д ы .

Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшіліктің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі бар мөрі болады.

#### 7-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарын құру құқығы

Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшілік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзінің баспа органын құруға, жергілікті радионы, теледидар мен бақса да бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға қ ұ қ ы л ы .

#### 8-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын тігу

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшілік үйлерінде, Мәслихат - Депутаттар жиналысының сессиялары өткізілетін залдарда - ұдайы, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы" (ҚР Президентінің 1996.01.24. N 2797 жарлығымен күшін жойған) Заңда белгіленген реттерде тігіледі.

#### 9-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы заңдар

Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың қызметі Қазақстан

Республикасының Конституциясымен, осы заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да заң құжаттарымен реттеледі.

Бұл заңның күші шағын қызмет атқаратын қоныстарға (әскери қалашықтарға, жабық түрдегі қоныстарға) да қолданылады.

Осы Заң арнайы экономикалық аймақта арнайы экономикалық аймақтар туралы заңға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Ескерту. 9-бап 3 тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 1996.01.26. N 2824 жарлығымен.

## II. ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҰЙЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1. Мәслихаттар - Депутаттар жиналыстары қызметінің құрылымы мен ұйымдық негіздері

10-бап. Мәслихаттар - Депутаттар жиналыстары қызметінің ұйымдық түрлері

Мәслихат - Депутаттар жиналысы өз қызметін сессияларда, тұрақты және өзге де комиссиялар арқылы, сондай-ақ депутаттардың өз өкілеттігін заңмен белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асыруы жолымен атқарады.

11-бап. Мәслихат - Депутаттар жиналысының сессиясы

Мәслихат - Депутаттар жиналысы қызметінің негізгі түрі сессия болып табылады, ол сессияда Қазақстан Республикасы заңдарында өзінің қарауына жатқызылған мәселелерді шешеді.

Мәслихат - Депутаттар жиналысының сессиясы, егер оған осы Мәслихат - Жиналысқа сайланған депутаттардың кемінде үштен екі бөлігі қатысса, заңды б о л ы п т а б ы л а д ы .

12-бап. Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессиясын шақыру тәртібі

Жаңадан сайланған Мәслихат - Депутаттар жиналысының бірінші сессиясын өткен сайлаудағы Мәслихат - Депутаттар жиналысының хатшысы осы Мәслихат - Жиналыс үшін белгіленген депутаттардың кемінде төреттен үш бөлігі Мәслихатқа - Депутаттар жиналысына сайланғаннан кейін бір ай мерзімнен

к е ш і к т і р м е й

ш а қ ы р а д ы .

Жаңадан құрылған облыстағы, аудандағы, қаладағы Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының бірінші сессиясын тиісті сайлау комиссиясының төрағасы облыс, аудан, қала құрылған күннен соң бір ай мерзімнен кешіктірмей, ал жаңадан құрылған облыстың, ауданның, қаланың Мәслихатына - Депутаттар жиналысына сайлау өткізілген ретте тиісті Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының сайлауы өткен күннен бір ай мерзімнен кешіктірмей шақырады.

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының сессиясын оның төрағасы  
ш а қ ы р а д ы .

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының кезекті сессиясы жылына кемінде төрт рет шақырылады. Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының кезектен тыс сессиясы осы Мәслихатқа - Жиналысқа сайланған депутаттардың кемінде үштен екі бөлігінің, сондай-ақ жергілікті әкімнің бастамасы бойынша екі апта мерзімнен кешіктірілмей шақырылады. Талқылауға ұсынылатын мәселелерде сессияны шақыру туралы ұсыныс болуға тиіс.

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының хатшысы депутаттарға, жергілікті әкім мен халыққа Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессиясының шақырылатын уақыты мен өткізілетін орны туралы, сондай-ақ сессияның қарауына енгізілген мәселелер туралы сессияға дейін он күннен кешіктірмей хабарлайды. Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының хатшысы депутаттар мен жергілікті әкімге сессияның қарауына енгізген мәселелер жөніндегі қажетті материалдарды белгіленген мерзімде тапсырады.

13-бап. Мәслихатты - Депутаттар жиналысы сессиясын өткізу тәртібі

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының бірінші сессиясын тиісті сайлау комиссиясының төрағасы ашады және Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының хатшысы сайланғанға дейін жүргізеді. Бірінші сессияның бұдан кейінгі жұмысы. Мәслихат - Депутаттар жиналысы хатшысының төрағалық етуімен өтеді.

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының бұдан кейінгі кезекті және кезектен тыс сессиялары сайланатын сессияның төрағасы осы заңмен белгіленген тәртіппен ашады және жүргізеді.

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының сессиясы пленарлық мәжілістер, сондай-ақ ортақ күн тәртібімен біріккен тұрақты комиссиялардың мәжілістері түрінде өткізіледі. Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының шешімі бойынша Мәслихат - Депутаттар жиналысы белгілейтін мерзімге сессия жұмысында үзіліс ж а с а л у ы м ү м к і н .

Сессияның ұзақтығын Мәслихат - Депутаттар жиналысы айқындайды.

#### 14-бап. Сессияның күн тәртібін қалыптастыру

Мәселелерді Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының қарауына Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессиясының төрағасы, тұрақты және өзге комиссиялар, депутаттық топтар мен депутаттар, жергілікті әкім енгізеді.

Сессияның күн тәртібіне ұсыныстарды төменгі Мәслихаттар - Депутаттар жиналыстары, жоғары тұрған өкімет және басқару органдары, поселке, ауыл ( село), ауылдық (селолық) округ азаматтары өкілдерінің жиналыстары, қоғамдық бірлестіктер сессияның төрағасына тапсыруы мүмкін.

Сессияның күн тәртібі талқылаған кезде толықтырылып, өзгертілуі мүмкін. Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессияның күн тәртібін бекіту туралы қаулы қ а б ы л д а й д ы .

#### 15-бап. Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының жұмысындағы ж а р и я л ы л ы қ

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының сессиялары мен оның органдарының мәжілістері жария түрде және ашық сипатта өткізіледі. Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен оның органдары көпшілік дауыспен жабық мәжіліс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Жергілікті әкім немесе оның орнындағы адам Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен оның органдарының кез келген мәжілістеріне, соның ішінде жабық мәжілістеріне қатысуға құқылы.

Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары сессияның жұмысы, онда қабылданған шешімдер туралы жеті күн мерзімнен кешіктірмей халыққа х а б а р л а п о т ы р а д ы .

#### 16-бап. Лауазымды адамдардың Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессиясына келу міндеттілігі

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының, сессия төрағасының, Мәслихат - Депутаттар жиналысы хатшысының шақыруы бойынша Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының аумағында орналасқан жергілікті әкімшілік органдарының басшылары, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшылары немесе өзге лауазымды адамдары депутаттардың сауалдарына жауап беру және Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат тапсыру үшін Мәслихат - Жиналыс сессиясына к е л у г е м і н д е т т і .

## 17-бап. Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының регламенті

Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессиясын, оның органдары мәжілістерін өткізу, сессияға мәселелер енгізіп, қарау, Мәслихат - Депутаттар жиналысы органдарын құру және сайлау, олардың қызметі туралы есепті тыңдау, депутаттық сауалдарды, шешімдер жобаларын қарау тәртібін, дауыс беру тәртібін, сессияға шақырылатын адамдардың санын анықтау және сессия жұмысын ұйымдастырудың басқа да мәселелерін Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының сессиясында бекітілетін оның регламенті айқындайды.

## 18-бап. Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессиясының төрағасы

Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессиясының төрағасын Мәслихат - Жиналыс өз депутаттары арасынан сайлайды.

Мәслихат - Депутаттар жиналысы кезекті сессиясының төрағасы Мәслихаттың - Жиналысытың жұмыс жоспарын ескере отырып, Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының алдыңғы сессиясында сайланады. Сессияның төрағасы жоқ болған жағдайда оның өкілеттігін Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының х а т ш ы с ы жү з е г е а с ы р а д ы .

Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессиясының төрағасы:

Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессиясын шақыру туралы қаулы қ а б ы л д а й д ы ;

Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессиясын және оның қарауына енгізілген мәселелерді әзірлеуге басшылықты жүзеге асырады;

Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессиясының мәжілісін жүргізеді. Мәслихат - Депутаттар жиналысы регламентінің сақталуын қамтамасыз етеді;

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының қаулыларына, хаттамаларына, Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессиясында қабылданатын немесе бекітілетін өзге де құжаттарға қол қояды .

Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессиясының төрағасы өз қызметін қоғамдық негізде атқарады .

## 19-бап. Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының хатшысы

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының хатшысы Мәслихат - Депутаттар жиналысы қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі ағымдық жұмысты атқарады .

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының хатшысы Мәслихат - Депутаттар жиналысында тұрақты жұмыс істейтін және оған есеп беріп отыратын



лауазымды адам болып табылады.

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының хатшысы депутаттар арасынан сайланады және оны Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессияда қызметінен босатады.

Мәслихат - Депутаттар жиналысы хатшысын сайлау және оны қызметтен босату туралы ұсыныстар енгізу тәртібі Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының регламентімен айқындалады.

Мәслихат - Депутаттар жиналысы хатшысының өз өкілеттігін ерікті түрде доғаруы оның өтініші бойынша жүзеге асырылады.

Мәслихат - Депутаттар жиналысы хатшысының қызметінен өз еркімен кетуін Мәслихат - Депутаттар жиналысы қабылдамаған жағдайда ол өтініш бергеннен кейін екі ай өткен соң өз өкілеттігін доғаруға құқылы.

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының хатшысы.

а) Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессиясын өткізу уақыты мен орнын, сондай-ақ оның күн тәртібінің жобасын депутаттардың, әкімдер мен халықтың назарына жеткізеді;

б) Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессиясын және Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеу, сессия хаттамасын жасау ісін қамтамасыз етеді және сессия төрағасымен бірге Мәслихат - Жиналыс қаулысы мен сессия хаттамасына қол қояды;

в) Мәслихат - Жиналыс депутаттарына өз өкілеттігін жүзеге асыруда көмек көрсетеді, олардың қажетті ақпаратпен қамтамасыз етілуін ұйымдастырады, депутаттарды Мәслихатта - Жиналыста, оның органдары мен сайлау округтерінде жұмыс істеу үшін қызмет немесе өндірістік міндеттерін орындаудан босатуға байланысты мәселелерді қарайды;

г) депутаттардың жергілікті әкімшілік, оның органдары, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер басшыларының атына сессия барысында келіп түскен сауалдары мен мәлімдемелерінің қаралуын бақылайды;

д) Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының тұрақты және өзге комиссияларының, депутаттық топтардың қызметін үйлестіреді;

е) Мәслихат - Жиналыс аппараты құрылымын Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының бекітуіне енгізеді, оның жұмысына басшылық жасайды, оның қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

ж) халықпен, меншік түріне қарамастан, еңбек ұжымдарымен, кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен Мәслихат - Депутаттар жиналысы атынан байланыс жасайды;

з) сайлаушылардан келіп түскен ұсыныстар, талап-тілектер мен хаттар туралы жиынтық деректерді Мәслихатқа - Депутаттар жиналысына ұдайы тапсырып отырады;

и) Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының шешімдеріне сәйкес мәслихаттық Депутаттар жиналысының маңызды жобаларын, сондай-ақ жергілікті және республикалық маңызы бар мәселелерді азаматтардың талқылауын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, Мәслихатта - Депутаттар жиналысында азаматтардың қабылдануын, олардың өтініштерінің, арыздары мен шағымдарының қаралуын ұйымдастырады;

к) заңдарға сәйкес депутаттардың сайлауы мен өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару мәселелерін қарайды;

л) заңдарда көзделген реттерде сотқа жіберілетін талаптарға арыздарға Мәслихат - Депутаттар жиналысы атынан қол қояды;

м) Мәслихат - Депутаттар жиналысы өзіне тапсыруы немесе өзіне заңдарда жүктелуі мүмкін өзге де мәселелерді шешеді.

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының хатшысына тұтастай Мәслихатқа - Депутаттар жиналысына немесе оның органдарына тиесілі құқықтар, қызметтер берілмейді.

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының хатшысы жоқ болған кезде оның өкілеттігін Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессиясы төрағасының өкімі бойынша сол Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының тұрақты комиссиялары төрағаларының бірі уақытша жүзеге асырады.

## 20-бап. Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының комиссиялары

Мәслихат - Депутаттар жиналысы өз өкілеттігі мерзіміне Мәслихаттың - Жиналыстың қарауына жататын мәселелерді алдын ала қарап, әзірлеу, оның шешімдерін, Қазақстан Республикасы заң құжаттарын жүзеге асыруға көмектесу, өз құзыреті шегінде бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін тұрақты комиссиялар құрады.

Тұрақты комиссияларды және олардың төрағаларын тиісті Мәслихат - Жиналыс оның депутаттары арасынан сайлайды.

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының шешімі бойынша тұрақты комиссиялардың төрағалары басқа жұмыстан босатылған негізде жұмыс істей алады.

Мәслихат - Депутаттар жиналысы тұрақты комиссияларының құрамына тиісті Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының хатшысы сайлана алмайды.

Мәслихат - Депутаттар жиналысы уақытша комиссиялар құра алады. Уақытша комиссиялардың құрамына тиісті Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының депутаттары болып табылмайтын адамдар сайлана алады. Уақытша комиссиялардың міндеттерін, өкілеттігінің көлемі мен мерзімін Мәслихат - Депутаттар жиналысы оларды құрған кезде белгілейді.

Мәселелерді шешу және әзірлеу үшін комиссиялар ақылы негізде мамандар тарта алады. Мәслихатқа - Депутаттар жиналысына жұмыс істеу үшін тартылған мамандар комиссиялардың мәжілістеріне кеңесші дауыс құқығымен қатыса а л а д ы .

Тұрақты комиссиялардың қызметін ұйымдастыру құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасы заңымен белгіленеді.

21-бап. Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының тұрақты комиссияларында жұрт алдындағы тыңдаулар

Тұрақты комиссия өз бастамасы бойынша немесе Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының шешімі бойынша өзінің қарауына жатқызылған және қоғамдық мүддені білдіретін мәселелер бойынша жұрт алдындағы тыңдаулар өткізе алады.

Тұрақты комиссияларда жұрт алдындағы тыңдауларды өткізудің тәртібі Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының регламентімен белгіленеді.

22-бап. Мәслихат - Депутаттар жиналысының депутаты

Депутаттар сайлаушылардың өкілетті өкілдері болып табылады және Мәслихатта - Депутаттар жиналысында олардың еркі мен мүдделерін білдіреді.

Депутаттың өкілеттігі ол депутат болып сайланған күннен басталады және жаңадан сайланатын Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының депутаттары сайланған күні не өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда а я қ т а л а д ы .

Депутат Мәслихат - депутаттар жиналысы мен олар құратын органдардың қызметіне өзінің белсенді қатысуын қамтамасыз ететін құқықтардың бәріне толық ие болады, Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен оның органдарының алдында міндеттерді мойнына алады, олардың тапсырмаларын орындайды.

Мәслихат - Депутаттар жиналысының сессиялары, тұрақты комиссияларының мәжілістері кезінде, сондай-ақ депутаттық өкілеттікті заңда көзделген өзге реттерде жүзеге асыру үшін депутат өндірістік немесе қызмет міндеттерін орындаудан босатылып, оған негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысы және депутаттық қызметке байланысты шығындары тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен өтеледі.

Мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, меншік түріне қарамастан кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшылары Мәслихаттардың - Депутаттар жиналыстарының депутаттарына жүктелген функцияларды олардың жүзеге асыруына қажетті көмек көрсетуге міндетті.

Депутаттардың заңды талаптарына бірнеше рет құлақ аспаған жағдайда

лауазымды адамдар заңдарда белгіленген тәртіппен тиісті Мәслихат - Депутаттар жиналысы хатшысының ұсынуы бойынша тәртіптік жауаптылыққа тартылады.

Депутаттың депутаттық міндетін орындаумен заң бойынша сыйыспайтын қызметке сайлануына немесе тағайындалуына байланысты, не депутат болып табылатын адам жөнінде соттың заңды күшіне енген айыптау үкіміне байланысты, сондай-ақ депутат Қазақстан Республикасы азаматтығын жоғалтқан жағдайда қабылданатын Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының шешімі бойынша депутаттық өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Өкілеттікті орындауға кедергі келтіретін жағдайдың болу себепті депутаттың қызметтен өз еркімен кететіндігі туралы өз өтінішіне байланысты қабылданатын Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының шешімі бойынша депутаттың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Депутаттың өкілеттігі өзінің сайлаушылары кері шақырып алу себепті де мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Депутат сайлаушыларымен байланыс жасап тұрады, оларды Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының жұмысы, олардың аумағында жоспарлардың, экономикалық, әлеуметтік даму бағдарламаларының орындалуы туралы ұдайы хабардар етеді, Мәслихат - Депутаттар жиналысы шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруға қатысады және бақылау жасайды, қоғамдық пікірді, халықтың мұқтаждары мен сауалдарын зерделейді, Мәслихатқа - Депутаттар жиналысына ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і .

Ескерту. 22-баптың 11 бөлігі алып тасталды - Қазақстан Республикасының 1999.11.16. N 476 Заңымен. Z990476\_

## 23-бап. Сауал беру құқығы

Депутат, Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының тұрақты комиссиясы Мәслихат - Жиналыс сессиясының төрағасына, Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының хатшысына, тиісті Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының аумағында орналасқан жергілікті әкімшілік пен оның органдарының, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшыларына мәслихаттың - Депутаттар жиналысының құзыретіне жататын мәселелер бойынша сауалдар б е р у г е қ ұ қ ы л ы .

Сауал сессияға жазбаша немесе ауызша түрде енгізіледі. Жазбаша түрде енгізілген сауал жария етілуге тиіс.

Сауал берілген мемлекеттік орган, лауазымды адам Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының сессиясында сауалға жазбаша немесе ауызша жауап беруге міндетті. Сауалға жауап Мәслихат - Депутаттар жиналысы белгілеген

мерзімде беріледі және сессияда жария етіледі. Сауалға қайтарылған жауап бойынша жарыссөз жүргізілуі мүмкін.

Сауалға қайтарылған жауап және оны талқылаудың нәтижелері бойынша Мәслихат - Депутаттар жиналысы қаулы қабылдайды.

24-бап. Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының тексеру комиссиясы

Жергілікті бюджеттің атқарылуына бақылау жасау үшін Мәслихат - Депутаттар жиналысы өз өкілеттігі мерзіміне тексеру комиссиясын сайлайды. Комиссия мүшелерінің санын Мәслихат - Жиналыс белгілейді. Комиссияның құрамына Мәслихат - Жиналыс депутаты болып табылмайтын адамдар да ене алады. Тексеру комиссиясының төрағасын Мәслихат - Жиналыс депутаттардың ішінен сайлайды және ол өз функциясын басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асырады. Тексеру комиссиясы тексеруді кез келген уақытта өзінің қалауынша, бірақ жылына кемінде бір рет жүргізеді. Тексеру Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының не оның хатшысының шешімі бойынша да, сондай-ақ Мәслихаттың - Жиналыстың сайланған депутаттарының кемінде жалпы санының үштен бірінің талап етуі бойынша жүргізе алады. Тексеру комиссиялары

тексерулерді мемлекеттік қаржы бақылау орындарымен бірге де жүргізе алады.

Тексерудің нәтижелері туралы Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен әкімге хабарланады.

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының шешімі бойынша тексеру комиссиясының мүшелері де өз функцияларын басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыруы мүмкін.

25-бап. Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен оның органдарының құжаттары

Мәслихат - Депутаттар жиналысы қаулылар қабылдайды.

Сессия төрағасы Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының сессиясын шақыру туралы қаулылар қабылдайды.

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының хатшысы әкімдер шығарады.

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының тұрақты комиссиялары қаулылар мен қорытындылар қабылдайды.

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының тексеру комиссиясы тексеру

құжаттарын ресімдейді. Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының өз құзыреті шегінде қабылдаған құжаттарын тиісті аумақта меншік түріне қарамастан барлық кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, лауазымды адамдар мен азаматтар о р ы н д а у ғ а м і н д е т т і .

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмейтін қаулысы сот тәртібімен күшін жоюы мүмкін.

## 26-бап. Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының аппараты

Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен оның органдарының қызметін

ұйымдық, құқылық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету үшін, депутаттардың өкілеттігін жүзеге асыруда оларға көмек көрсету үшін Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының аппараты құрылады.

Аппараттың штатын, еңбекке ақы төлеу шарттары мен материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін Мәслихат - Депутаттар жиналысы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген лимиттер мен шекті қаржы ақшасы шегінде белгілейді және өзгертеді.

## II. Жергілікті әкімшіліктің құрылымы және қызметінің ұйымдық негіздері

### 27-бап. Жергілікті әкімшіліктің құрылымы

Жергілікті әкімшілік әкімнен, оның орынбасарларынан, сондай-ақ бөлімдерден, басқармалардан, басқа бөлімшелер мен қызметтерден тұрады. Әкім орынбасарларының саны, бөлімдердің, басқармалардың, басқа бөлімшелердің жүйесі жергілікті әкімнің ұсынуы бойынша тиісті Мәслихат - Депутаттар жиналысы бекітетін облысты, ауданды, қаланы басқарудың схемасына сәйкес б е л г і л е н е д і .

Әкімдердің орынбасарлары функцияларды тиісті әкім белгілеген міндеттердің бөлінісіне сәйкес атқарады. Әкім болмаған немесе ол оның өз міндеттерін орындауы мүмкін болмаған жағдайда оның өкілеттігін бірінші о р ы н б а с а р жү з е г е а с ы р а д ы .

Әкімдердің орынбасарларын жергілікті әкім қызметке тағайындайды және о д а н б о с а т а д ы .

Әкім және оның орынбасарлары, сондай-ақ әкімшілік бөлімдерінің,

басқармаларының, басқа қызметтерінің басшылары кез келген деңгейдегі Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының депутаттары бола алмайды.

#### 28-бап. Жергілікті әкімшіліктің органдары

Жергілікті әкімшіліктің бөлімдері, басқармалары, басқа бөлімшелері мен қызметтері оның органдары болып табылады.

Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық әкімшіліктер бөлімдерінің, басқармаларының және басқа бөлімшелері мен қызметтерінің, жоба тізбесін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті әзірлеп, бекітеді.

Аудандық, қалалық, қаладағы аудандық әкімшіліктер бөлімдерінің, басқармаларының және басқа бөлімшелері мен қызметтерінің жоба тізбесін жоғары тұрған әкім әзірлеп, бекітеді.

Жергілікті әкімшілік органдарының штатын, еңбекке ақы төлеу шарттары мен материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін, бұған республикалық бюджеттен қаржыландырылатындары жатпайды, әкім Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген лимиттер мен шекті қаржы ақшасы шегінде белгілейді және өзгертеді.

#### 29-бап. Жергілікті әкімнің аппараты

Жергілікті әкімшілік пен оның органдарын ұйымдық, құқылық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету үшін жергілікті әкімнің а п п а р а т ы құ р ы л а д ы .

Жергілікті әкімнің аппараты туралы ережені әкім бекітеді.

Аппараттың штатын, еңбекке ақы төлеу шарттары мен материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін әкім Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген лимиттер мен шекті қаржы ақшасы шегінде б е к і т е д і .

#### 30-бап. Жергілікті әкімшілік органдарының басшылары

Әкімшілік органдарының басшылары мен басқа да лауазымды адамдарын әкім қызметке тағайындайды және одан босатады.

Облыстық, аудандық, қалалық Мәслихат - Депутаттар жиналысы депутаттардың жалпы санының үштен екісінің жасырын көпшілік даусымен жергілікті әкімшілік органының басшысына сенімсіздік білдіріп, оны қызметінен босату туралы мәселені әкімнің алдына қоюға қақылы, ол осы мәселе бойынша уәжді шешім қабылдап, ол туралы тиісті Мәслихат - Депутаттар жиналысына

х а б а р л а й д ы .

### 31-бап. Жергілікті әкімшілік алқасы

Әкімшілік қызметінің негізгі мәселелерін қарау үшін әкімнің жанынан ақылдасу-кеңесші орган - алқа құрылады, оның құрамын әкім бекітеді.

Алқаның мәжілістері қажеттілігіне қарай өткізіледі. Оның шешімдері әкімнің қаулыларымен жүзеге асырылады. Алқаның мәжілісіне Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының хатшысы шақырылады.

### 32-бап. Жергілікті әкімшілік құжаттары

Әкім өзінің қарауына жатқызылған мәселелер бойынша қаулылар мен өкімдер қабылдайды.

Әкімнің орынбасарлары өкімдер шығарады.

Жергілікті әкімшілік органдарының басшылары өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады.

Жергілікті әкімшілік құжаттары Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына қайшы келмеуге тиіс. Жергілікті әкімшілік құжаттарының күшін жоғары тұрған атқарушы орган не Қазақстан Республикасының Президенті жоюы немесе сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

Әкімнің өз құзыреті шегінде қабылдаған құжаттарын тиісті аумақта меншік түріне қарамастан барлық кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, лауазымды адамдар мен азаматтар орындауға міндетті.

### 33-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар құқықтарының к е п і л д і к т е р і

Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшілік өздеріне берілген өкілеттікті дербес жүзеге асырады және заңға қайшы құжаттары мен іс-әрекеттері үшін заңдарға сәйкес жауаптылықты мойнына алады.

Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшілік заңдарда белгіленген тәртіппен тиісті органдарға мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің лауазымды адамдарын Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының, әкімшіліктің шешімдерін



орындамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы ұсыныс жасауға қ а қ ы л ы .

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының жергілікті әкімшіліктің ұсынысын тиісті орган оны алған күннен бастап 15 күндік мерзім ішінде қарауға тиіс.

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының, жергілікті әкімшіліктің шешімдерін лауазымды адамдар мен азаматтар бірнеше мәрте орындамаса сот тіртібімен әкімшілік жауаптылыққа тартылады.

Тұрақты комиссиялардың шешімдерін орындамаған немесе оларға біле тұра жалған ақпарат берген жағдайда лауазымды адамдар заңдарда белгіленген тәртіппен тиісті Мәслихат - Депутаттар жиналысы хатшысының ұсынуы бойынша тәртіптік жауаптылыққа тартылады.

### III. ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ НЕГІЗДЕРІ

#### 34-бап. Әкімшілік-аумақтық мекеннің экономикалық және қаржылық негізі

Облыстың, аудан (қаладағы ауданнан басқа) мен республикалық және облыстық маңызы бар қаланың экономикалық және қаржылық негізін мыналар құрайды:

- 1) жергілікті бюджет;
- 2) коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілген мүлік;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік-аумақтық мекендердің меншігіндегі өзге де мүлік.

Ескерту. 34-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының  
1999.04.05. N 360 Заңымен.

Z990360\_

35-бап. Әкімшілік-аумақтық мекендердің меншігі

Әкімшілік-аумақтық мекендердің меншігінде тиісті Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшіліктердің мүлкі, жергілікті бюджеттің қаражаты, сондай-ақ өз қаражаты есебінен жасалған немесе сатып алынған мүлік және меншік иесі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берген әлеуметтік-экономикалық даму және Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшілік алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті мүлік б о л а д ы .

### 36-бап. Жергілікті бюджет

Мәслихат - Депутаттар жиналысы әкімшілік-аумақтық мекеннің бюджетін бекітеді. Бюджет жобасын әзірлеу мен бюджетті атқаруды жергілікті әкімшілік жүзеге асырады. Жоғары тұрған органдардың бюджетті әзірлеу, бекіту және атқару процесіне араласуына жол берілмейді.

Әкілді органды ұстауға жұмсалатын шығындарды Мәслихат - Депутаттар жиналысы белгілейді.

Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшілік бюджеттің атқарылуы үшін өз құзыреті шегінде жауаптылықты мойнына алады.

Жергілікті бюджетке түсімдер көздері, оны әзірлеу, бекіту және атқару тәртібі "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге де нормативтік-құқықтық актілермен белгіленеді.

Ескерту. 36-бап өгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының  
1999.04.05. N 360 Заңымен.

Z990360\_

37-бап. Жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығыстары

Жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығыстары "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптасады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.10.05. N 2488 жарлығымен.

U952488\_

Ескерту. 37-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.04.05. N 360 Заңымен.

Z990360\_

38-бап.

39-бап. Қаржы

Ескерту. 38-39-баптардың күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1999.04.05. N 360 Заңымен.

Z990360\_

Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.10.05. N 2488 жарлығымен.

IV. Жергілікті өкілетті және атқару органдарының құзыреті

1. Жергілікті өкілетті органдар өкілеттігі

40-бап. Облыстық, аудандық, қалалық Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының өкілеттігі

1. Облыстық, аудандық, қалалық Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының негізгі өкілеттігіне мыналар жатады:

- Мәслихат - Депутаттар жиналысы хатшысын сайлау және оны қызметінен босату;

- тексеру комиссиясын, оның төрағасын сайлау және оны қызметінен босату, Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының тұрақты және өзге де комиссияларын құру, олардың төрағаларын қызметінен босату, олардың жұмысы туралы есептер т ы ң д а у ;

- Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті бекіткен лимиттер мен шектік қаражат бөлу шегінде Мәслихат - Депутаттар жиналысы аппараты штатын, еңбекақыны, материалдық-техникалық қамтамасыз етуге арналған шы ғ ы н д а р д ы б е к і т у ;

- Қазақстан Республикасы Заңдарында көзделген ретте депутаттар өкілеттігін мерзімінен б ұ р ы н до ғ а р у ;

- Мәслихат - Депутаттар жиналысы регламентін бекіту;

- Мәслихат - Депутаттар жиналысы қызметін қамтамасыз етуге арналған шы ғ ы н д а р д ы ң с о м а с ы н б е к і т у ;

- жергілікті әкімнің ұсынуы бойынша облысты, ауданды, қаланы, басқару с х е м а с ы н ;

- облыс, аудан, қала әкімінің, сондай-ақ олар уәкілеттік берген әкім орынбасарларының, жергілікті әкімшілік органдары басшыларының Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының құзыретіне осы Заңмен жатқызылған мәселелер ж ө н і н д е г і е с е п т е р і н т ы ң д а у ;

- депутаттардың сауалдарын қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

- жергілікті әкім табыс еткен аумақты өркендетудің жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, олардың орындалуы туралы е с е п т е р д і б е к і т у ;

- жергілікті әкім табыс еткен бюджет жобасын, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды, оның орындалуы туралы есептерді бекіту;

- облыс, аудан, қала меншігінде тұрған кәсіпорындар мен ұйымдардың көрсетілген қызметке төлейтін тарифтерді белгілеу;

- облыс, аудан, қала меншігінде тұрған кәсіпорындар төлемдерінен бөлінетін қ а р ж ы м ө л ш е р і н б е к і т у ;

- бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделген міндетті ережелерді б е к і т у ;

- жергілікті әкімшіліктің табыс етуі бойынша әкімшілік, бақылау комиссияларының, кәмелетке толмағандар ісі, маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күрес жөніндегі, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссиялар құру және олардың құрамын бекіту;

- Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес әкімшілік-аумақтық құрылым мәселелерін шешу;

- Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілетті жүзеге асыру.

2. Мәслихаттардың - Депутаттар жиналыстарының I-тармағында аталғандардан басқа:

а) облыстық Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының өкілеттігіне мыналар жатады:

- лотереялар шығару, олардың шарттары, оларды орналастыру және өткізу туралы шешімдер, сондай-ақ облыстар мен Астана және Алматы қалалары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қарыз алу лимиті шегінде қарыз алу туралы шешімдер қабылдау;

- Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне облыстың, аудандық жоспарлау схемаларын, облыс орталығының бас жоспарының жобасын бекіту туралы ұсыныс енгізу;

- Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес әкімшілік аудандарды аудандық жоспарлау жобаларын, облыстық (облыс орталықтарынан басқа) және аудандық бағыныстағы қалалар мен поселкелердің бас жоспарларын бекіту;

- әділет басқармасының нотариат, азаматтардың хал актілерін жазу, адвокатура органдары сондай-ақ халыққа заң жөнінде білім беру жұмысының жай-күйі туралы хабарламасын тыңдау;

- облыс аумағындағы Аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару органдары туралы ережені бекіту және оған өзгерістер енгізу.

б) Астана және Алматы қалалары Мәслихаттарының - Депутаттар жиналыстарының өкілеттігіне мыналар жатады:

- лотереялар шығару, олардың шарттары, оларды орналастыру және өткізу туралы шешімдер, сондай-ақ облыстар мен Астана және Алматы қалалары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қарыз алу лимиті шегінде қарыз алу туралы шешімдер қабылдау;

- Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне қаланың бас жоспары жобасын бекіту туралы ұсыныстар енгізу;

- Қазақстан Республикасы Президентіне мемлекеттік наградалармен марапаттау және құрметті атақтар беру туралы ұсыныстар енгізу;

- қала аумағындағы Аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару органдары туралы

ережені бекіту және оған өзгерістер енгізу.

в) аудандық, қалалық Депутаттар жиналысының өкілеттігіне мыналар жатады :

- селолық елді мекендерге, қалаға үйлер салу ережелерін, селолық елді мекендердің бас жоспарларын бекіту, олардың шекараларын белгілеу және ө з г е р т у ;

- Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жер салығының ставкаларын, жер туралы заңдарға сәйкес жер үшін жалға алу ақысын төлеу жөніндегі жеңілдіктерді белгілеу.

Облыстық, аудандық, қалалық Мәслихат - Депутаттар жиналысы сайланған депутаттар санының үштен екі даусымен жергілікті әкімге дәлелді сенімсіздік білдіруге және оны қызметтен босату туралы мәселе қоюға құқылы. Қазақстан Республикасының Президенті, облыстық Алматы

қалалық, аудандық әкім бір ай ішінде бұл мәселе жөнінде дәлелді шешім қабылдайды және ол туралы тиісті Мәслихатқа - Депутаттар жиналысына хабарлайды.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың "а" тармақшасы 3-ші абзацпен толықтырылды -  
ҚР Президентінің 1995.05.02. N 2254 жарлығымен.

U952254\_

Ескерту. 2-тармағының "в" тармақшасының 3-абзацы жаңа редакцияда -  
ҚР Президентінің 1995.10.05. N 2488 жарлығымен.

Ескерту. 2-тармағының "а" тармақшасындағы 4 абзац алынып  
тасталған - ҚР Президентінің 1996.01.03. N 2740

U962740\_

жарлығымен.

Ескерту. 1-тармағының 15 абзацы жаңа редакцияда - Қазақстан  
Республикасының 1998.11.20. N 303 Заңымен.

Z980303\_

Ескерту. 40-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.04.05. N 360

Заңымен.

Z990360\_

41-бап. Бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық  
көзделген міндетті ережелер

Облыстық, аудандық, қалалық Мәслихат - Депутаттар жиналысы мына мәселелер бойынша бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделген міндетті ережелер қабылдауға құқылы:

- елді мекендер аумағына құрылыс салу;
- жерді, орманды, су ресурстарын, бірегей табиғат объектілерін, сондай-ақ тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп ұстау;
- қоғамдық орындарда сауда жасау;
- қоғамдық тәртіп, өрт және жол қауіпсіздігі, судағы қауіпсіздік;
- жұқпалы аурулар мен індеттерді болдырмау жөніндегі шаралар;
- инженерлік коммуникацияларды қорғау;
- аумақтарда санитариялық тазалау;
- жарнамаларды, маңдайшаларды, хабарландыруды және басқа да хабарламалық материалдарды пайдалану;
- қоғамдық көлікті пайдалану;
- аумақты көркейту, жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау;
- үй жануарларын күту;
- автокөліктерді паркке қою;

- дүлей апат жағдайларындағы немесе басқа да төтенше

жағдайлардағы қоғамдық тәртіп, олардың зардаптарын болдырмау және жою жөніндегі шаралар;

- заңмен көзделген басқа мәселелер бойынша.

Міндетті ережелер Қазақстан Республикасы заңдарына қайшы келмеуге тиіс.

Мәслихат - Депутаттар жиналысы осы бапта көзделген міндетті ережелерді халық назарына жеткізеді. Ережелер, дереу күшіне енетін дүлей апаттарға, жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы күрес жөніндегі ережелерді қоспағанда, жария етілгеннен кейін кеш дегенде екі аптада

күшіне енгізеді.

Міндетті ережелердің сақталуын Мәслихат - Депутаттар жиналысы және жергілікті әкімшілік бақылап отырады.

## 2. Жергілікті атқару органдарының өкілеттігі

### 42-бап. Әкімнің өкілеттігі

Әкім:

- Мәслихатқа - Депутаттар жиналысына Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті бекіткен жергілікті әкімшілік бөлімдерінің, басқармалары мен қызметтерінің үлгі тізбесін ескере отырып әзірленген облысты, ауданды, қаланы басқару схемасын бекітуге табыс етеді;

- Мәслихатқа - Депутаттар жиналысына тиісті әкімшілік аумақтық мекен бюджетінің жобасын бекітуге табыс етеді, бюджеттің орындалуын қамтамасыз етеді ;

- Мәслихатқа - Депутаттар жиналысына тиісті әкімшілік аумақтық мекенді экономикалық және әлеуметтік дамыту жоспарлары мен бағдармаларын бекітуге табыс етеді, олардың орындалуын қамтамасыз етеді, Мәслихат - Депутаттар жиналысы сессияларында олардың орындалуы туралы есеп береді;

- әкімшілік-аумақтық мекен меншігін басқаруды жүзеге асырады, қарауындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер басшыларын тағайындайды және қызметтен босатады ;

- жоғары атқару органдары берген өкілеттікке сәйкес республикалық меншіктегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметін үйлестіреді;

- Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес қатынастарын реттеуді жүзеге асырады ;

- шарттарға, заңдық және банкілік құжаттарға қол қояды;

- аппараттың, жергілікті әкімшілік органдарының және оның шешімдері бойынша құрылатын және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын өзге мемлекеттік мекемелердің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, көзделген қаржы бөлу шегінде олардың штат санының лимитін және материалдық-техникалық қамтамасыз ету шарттарын бекітеді;

- Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының, аумақтық органдарының (прокуратура мен соттардан және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін



мемлекеттік органдардан басқасы), республикалық бағыныстағы ұйымдардың бірінші басшыларын қызметке тағайындауға келісім береді, оларды қызметтен босату туралы ұсыныс енгізеді;

- жылына кем дегенде екі рет Мәслихат - Депутаттар жиналысы алдында жергілікті бюджеттің орындалуы туралы есеп береді;

- Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының ұсынысы бойынша кем дегенде екі рет тиісті аумақты дамыту жоспарлары мен бағдарламалары туралы, осы аумақта орналасқан мемлекеттік мүлікті иеленудің, пайдалану мен басқарудың, жер мәселелерін шешудің жай-күйі туралы, жергілікті әкімшілікке бағынышты кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметі туралы есеп табыс етеді;

- Мәслихатқа - Депутаттар жиналысына әкімшілік-аумақтық құрылым мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізеді;

- азаматтарды қабылдауды, азаматтардың ұсыныстарын, арыздары мен шағымдарын қарауды, олар бойынша шешімдер қабылдауды жүзеге асырады;

- Мәслихатқа - Депутаттар жиналысына арнаулы комиссияларды құру және олардың құрамы туралы ұсыныстар енгізеді;

- төменгі жергілікті атқару органдары шешімдерінің күшін жояды.

Әкім облыстық, аудандық, қалалық, қаладағы аудандық атқару органдарына Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен жүктелген, сондай-ақ тиісінше Қазақстан Республикасының Президенті не облыс әкімі, Алматы қаласының әкімшілігі берген өзге де өкілеттілікті жүзеге асырады.

Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық әкімдерінің тиісті әкімшілік-аумақтық мекендерді әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі қызметін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті үйлестіріп отырады.

Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық әкімдер Министрлер Кабинетіне өздерінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы.

Ескерту. 42-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.11.20. N 303 Заңымен.

Z980303\_

Ескерту. 42-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.04.05. N 360 Заңымен.

Z990360\_

43-бап. Жоспарлау, бюджет, шаруашылық қызмет, көлік және байланыс саласындағы өкілеттік

Облыстық, аудандық, қалалық әкімшілік:

- "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті бюджет жобаларын, облыстың, ауданның, қаланың әлеуметтік-экономикалық даму жоспарлары мен бағдарламаларының жобаларын әзірлейді;

- кәсіпорындардан, ұйымдардан, мекемелерден облыс, аудан, қала халқының мүдделерін қозғайтын экологиялық зардаптары бар жоспарлары мен шараларының жобалары туралы қажетті мәліметтер алады;

- әкімшілік-аумақтық мекендер меншігіндегі кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді құрады, қайта құрады және таратады;

- облыс, аудан, қала меншігіндегі жолаушылар және жүк автокөлігінің кәсіпорындары мен ұйымдарын басқарады; жергілікті жолаушылар көлігінің маршруттары мен кестесін бекітеді; шарттық негізде халыққа көліктік қызмет көрсетуге кәсіпорындар мен ұйымдарды тартады;

- байланыс кәсіпорындары мен ұйымдарының халыққа қызмет көрсету сапасына бақылау жасайды, оларға шарттық негізде почта, телефон және өзге де байланысты жақсартуға, радиоландыру мен телевидениені дамытуға, байланыс және электр берілісі желілерін жөндеу мен қорғауға көмек көрсетеді;

- сыртқы экономикалық байланыстарды жүзеге асырады;

- еңбек ресурстарын есепке алуды қамтамасыз етеді және оларды бөлуді реттеп отырады.

44-бап. Жерді пайдалану, табиғат қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы өкілеттік

Облыстық, аудандық, қалалық әкімшілік:

- табиғатты қорғауға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

- табиғатты қорғау жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуді; экологиялық сараптаманы, табиғат қорғау объектілерін салу мен қайта салуды

ұйымдастырады ;

- экологиялық сараптама теріс қорытынды шығарған объектілерді салуға және қайта салуға тыйым салу туралы қорытындылар дайындайды;

- табиғатты қорғау туралы заңдар өрескел бұзылған реттерде шаруашылық қызметті немесе объектілер салуды тоқтата тұрады және тиісті шаралар қолданады ;

- тиісті аумақта тұрған экологиялық, тарихи, мәдени немесе ғылыми құнды табиғи және өзге де объектілерді қорғауға алынған табиғат, тарих немесе мәдениет ескерткіштері деп жариялау туралы шешім қабылдайды немесе жоғарғы органдарға ұсыныстар енгізеді.

45-бап. Құрылыс, тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық тұрмыстық қызмет көрсету, сауда, қоғамдық тамақтану саласындағы өкілеттігі

Облыстық, аудандық, қалалық әкімшілік:

- сәулет және қала салу саласындағы орталық мемлекеттік органмен немесе ол уәкілдік берген органмен міндетті түрде келісе отырып аумақта құрылыс салуды жүзеге асырады ;

- әкімшілік аудандарды аудандық жоспарлау жобаларын, аудандық бағыныстағы қалалардың және қарауындағы аумақтағы басқа да елді мекендердің бас жоспарларының жобаларын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

- әлеуметтік-мәдени және өнеркәсіптік объектілерді салу жөнінде тапсырыс беруші болуға құқылы ;

- коммерциялық құрылыс салу қызметіндегі мемлекеттік және акционерлік компанияларға өз қаржысы есебінен және үлестік негізде тұрғын үйлер, коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілер, жолдар салу мен жөндеуді ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

- Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын жобаларға мемлекеттік сараптама жасалуына, жеке және заңды тұлғалардың жобалау және құрылыс салу қызметін мемлекеттік лицензиялауға жәрдемдеседі, құрылыс өнімдері сапасына сәулет-құрылыс бақылауын жасауды қамтамасыз етеді;

- елді мекендер мен аумақтардың әлеуметтік, инженерлік және көліктік инфрақұрылымын қалыптастыруды қамтамасыз етеді әрі осы инфрақұрылымның түрлі иеліктегі тұрғын үй қорын және басқа объектілерін пайдалану мен күтіп ұстауды ұйымдастыруға жәрдемдеседі және қатысады;

- тұрғын үйлерді жеке салушылар серіктестігін ұйымдастыру туралы шешім қабылдайды ;

- коммерциялық құрылыс салушы қызметіндегі компаниялар арасында

к о н к у р с т а р

ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

- облыс, аудан, қала қарауындағы тұрғын үй қорын бөледі, тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алуды жүргізеді, тұрғын емес үй-жайларды пайдалану, облыс, аудан, қала меншігіндегі үйлер мен құрылыстарды жалға беру мәселелерін шешеді ;

- тұрғын үй-құрылыс және гараж-құрылыс кооперативтерін ұйымдастыру туралы шешім қабылдайды, олардың жарғыларын тіркейді, олардың қызметіне бақылау жасайды ;

- елді мекендерді электрлендіруді, газбен жабдықтауды, сумен жабдықтауды дамыту жөнінде тапсырыстарды орындайды; кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің коммуналдық торап пен құрылыстарын салу жоспарлары жөнінде қорытындылар береді ;

- тұрғындарды отынмен бір орталықтан қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

- облыс, аудан, қала меншігіне жатпайтын тұрғын үй қорын, коммуналдық шаруашылық, сауда, қоғамдық тамақтандыру және тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары мен құрылыстарының пайдалануын бақылайды.

ЕСКЕРТУ. 45-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің  
1995.05.02. N 2254 жарлығымен.

46-бап. Халыққа әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету саласындағы  
ө к і л е т т і к

Облыстық, аудандық, қалалық әкімшілік:

- білім беруге, балаларға мектепке дейінгі және мектептен тыс тәрбие беру жөніндегі жұмысқа басшылық жасайды, облыстық, аудандық, қалалық білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға қамқорлық жасайды;

- облыс, аудан, қала аумағында тұрып жатқан халықтардың тарихи

және мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын насихаттауға және дамытуға жәрдемдеседі;

- халыққа кино және бейне қызмет көрсетілуіне бақылау жасайды;

- тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғауды жүзеге асырып, пайдалануды ұйымдастырады;

- дене тәрбиесі-спорт жұмысының дамуына жәрдемдеседі;

- денсаулық сақтау мекемелеріне басшылық жасайды, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту және халықтың денсаулығын сақтау жөнінде шаралар қолданады;

- халықты әлеуметтік қорғау мәселелеріне басшылық жасайды.

47-бап. Заңдылықты, құқылық тәртіпті, азаматтардың құқыларын, бостандықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету саласындағы өкілеттіктері

Облыстық аудандық, қалалық әкімшіліктер:

- Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарының, басқа жоғарғы мемлекеттік органдар құжаттарының орындалуын ұйымдастырады, Мәслихат - Депутаттар жиналысы аумағына орналасқан кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелер мен азаматтардың оларды бұзбауын бақылауды жүзеге асырады, құқылық тәртіпті, меншіктің барлық түрін, азаматтардың заңмен қорғалатын құқықтарын, бостандықтарын және мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді, заңдарды түсіндіруді және тұрғындарға заң көмегін көрсетуді ұйымдастырады ;

- ішкі істер органдарының жұмысына жетекшілік етеді;

- сот, прокуратура, адвокатура органдарының, нотариаттың жұмыс жағдайларын жақсарту жөнінде шаралар қабылдайды;

- еңбекпен түзеу мекемелерінің жұмысына көмек көрсетеді;

- азаматтардың жиналыстарын, митингілерін, шерулерін, демонстрацияларын өткізу тәртібін қамтамасыз ету жөнінде заңда көзделген шараларды қабылдайды;

- азаматтардың хал актілерін тіркеу органдарына жалпы жетекшілікті жүзеге асырады ;

- өрт қауіпсіздігі және судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа жетекшілік етеді ;

- табиғат зілзаласы, экологиялық апат, жұқпалы аурулар, мал

індеті тарау, өрт, қоғамдық тәртіптің жаппай бұзылуы жағдайларында адамдардың өмірін сақтау, олардың саулығы мен құқыларын қорғау, материалдық құндылықтарды бүлдірмей сақтап қалу, заңдылық пен құқылық тәртіпті қамтамасыз ету жөнінде заңда көзделген ерекше шаралар қабылдайды; өртке қарсы шараларды жүргізуді ұйымдастырады;

- жалпыға бірдей әскери міндеттер туралы заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

- азаматтық қорғанысқа жетекшілік етеді.

V. ПОСЕЛКЕ, АУЫЛ (СЕЛО), АУЫЛДЫҚ (СЕЛОЛЫҚ) ОКРУГ

## АУМАҒЫНДА БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

### 48-бап. Жалпы ережелер

Поселке аумағында басқару ісін - поселке әкімі, ал ауыл (село), ауылдық (селолық) округ аумағында аудан (қала) әкімі тағайындайтын село әкімі жүзеге асырады.

Әкім тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністе атқарушы органның міндеттерін жүзеге асырады және аудан (қала) әкімінің өкілі болып табылады.

Әкім Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының, жоғары тұрған өкімет пен басқару органдары құжаттарының орындалуын қамтамасыз етеді, мемлекеттік және қоғамдық органдармен, кәсіпорындармен, ұйымдармен, мекемелермен қатынастарда поселке, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ өкілі болады.

Әкімнің акционерлік қоғамды, жауапкершілігі шектеулі серіктестікті, сондай-ақ өзге де мемлекеттік емес шаруашылық жүргізуші субъектіні басқаруға өз бетімен қатысуды жүзеге асыруға құқығы жоқ.

### 49-бап. Поселке, село әкімінің өкілеттігі

#### Ә к і м :

- Қазақстан Республикасы заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, жоғары тұрған мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының шешімдерін орындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

- поселке, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ азаматтары өкілдерінің жиналыстарын шақырады, оларда қабылданған шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

Ескерту: мұнан былай - жиналыс

- азаматтардың өтініштерін, арыз-шағымдарын және үндеулерін қарайды;

- тиісті әкімшілік-аумақтық мекеннің кірістер және шығыстар сметасын дайындап, аудандық (қалалық) Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының бекітуіне ұсынады, оның орындалуын қамтамасыз етеді;

- Қазақстан Республикасының тиісті жер туралы заңдарына сәйкес поселкенің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округ аумағының шегінде жер пайдалануға байланысты мәселелерді шешеді;

- заңды ұйымдармен және нақты адамдармен шарттар жасасады, заңдық және банк құжаттарына қол қояды;

- тұрғын үй қорын, жолдарды жөндеуді және салуды, аула маңы аумақтарын күтіп ұстауға бақылауды ұйымдастырады;

- шаруа (фермерлік) қожалықтарын, поселке, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ тұрғындарына қызмет көрсететін шағын кәсіпорындар, кооперативтер ұйымдастыруға ықпал етеді;

- қоғамдық тәртіпті нығайтумен байланысты мәселелерді шешеді. Өртке қарсы қауіпсіздікті және судағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бақылау жасайды ;

- Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіпте нотариалдық әрекеттер мен азаматтық хал актілерін тіркеу жүргізуді ұйымдастырады;

- әскери міндеттілер мен әскерге шақырылғандарды алғаш есепке алуды ұйымдастырады ;

- табиғат зілзаласы, экологиялық апат, мал індеті тарау, өрт, қоғамдық тәртіптің жаппай бұзылуы жағдайларында адамдардың өмірін сақтау, олардың саулығы мен құқықтарын қорғау, материалдық құндылықтарды бүлдірмей сақтап қалу жөнінде заңда қарастырылғандай ерекше шаралар қабылдайды;

- мемлекеттік өкімет және басқару органдарында, сот орындарында, кәсіпорындармен, ұйымдармен және мекемелермен қарым-қатынас жағдайларында заңда қарастырылғандай азаматтардың мүдделерін көздейді;

- тарих пен мәдениет ескерткіштерін, зираттарды, өзге де жерлеу орындарын тиісті жағдайда ұстау жөнінде қоғамдық жұмысты ұйымдастырады;

- тұрғындардан салық, сақтандыру және өзге төлемдердің дер кезінде түсіп отыруына ықпал етеді ;

- мүгедектердің, асыраушысынан айрылған отбасылардың, көп балалы отбасылардың, жалғыздікті аналардың, табиғат зілзаласынан зардап шеккен азаматтардың материалдық және тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту туралы, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуын болдырмау жөнінде мемлекеттік және қоғамдық органдарға ұсыныстар енгізеді;

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік-аумақтық орналастыру мәселелерін шешеді;

- заңда белгіленген шектерде және тәртіпте, тиісті аумақ халқын еңбекке орналастыру, оларға әлеуметтік-мәдени, медициналық, сауда, тұрмыстық және өзге қызмет көрсету мәселелерін, аудан (қала) әкімі өзіне берген, сондай-ақ осы Заңда қарастырылған басқа да мәселелерді шешеді.

Әкім заңды ұйым құқыларымен пайдаланады және үлгі бойынша елтаңбалы м ө р і б о л а д ы .

50-бап. Поселке, село әкімінің есеп беруге міндеттілігі және оны қызметтен босату тәртібі

Әкім өз қызметінде аудан (қала) әкіміне және жиналысқа есеп беруге міндетті,  
олардың алдында жылына кемінде бір рет есеп береді.

Әкімді аудан (қала) әкімі:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын бұзған;
- өзінің қызмет міндеттерін тиісінше орындамаған;
- өкілдер жиналысы оған сенімсіздік білдірген жағдайларда атқарып отырған қызметінен босата алады.

Аудан (қала) әкімі бір ай ішінде осы мәселе жөнінде уәжді шешім қабылдайды және ол туралы өкілдер жиналысына хабарлайды.

Поселке, село әкімінің өз өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату туралы мәлімдеуге құқығы бар.

#### 51-бап. Әкімнің аппараты

Әкімнің өз аппараты болады, оның сандық мөлшерін аудан (қала) әкімі белгілейді.

Әкім мен оның аппараты қызметкерлеріне еңбекақы төлеу тиісті әкімшілік-аумақтық мекеннің кірістері мен шығыстары сметасының шегінде жүзеге асырылады.

Әкім аппараты іс қағаздарын жүргізеді, құжаттардың сақталуына жауап береді, азаматтарға анықтамалар береді, поселкелерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әскери міндеттілер мен әскерге шақырылғандарды алғаш есепке алуды қамтамасыз етеді, жиналыстарды өткізуге материалдар әзірлейді, жиналыс пен әкім шешімдерінің орындаушыларға дер кезінде жетуін қадағалайды, әкімнің тапсыруы бойынша басқа да жұмыстар атқарады.

#### 52-бап. Поселке, село әкімінің құжаттары

Әкім тиісті аумақта орындалуы міндетті шешімдер мен өкімдер шығарады.

Әкімнің құжаттары қабылданған күннен бастап бескүндік мерзімде тиісті кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, лауазымды адамдар және азаматтар назарына жеткізіледі.

Әкімнің заңдарға қайшы келетін шешімдері мен өкімдерінің күшін жоюға аудан (қала) әкімінің немесе халық сотының құқығы бар.

#### 53-бап. Жиналысты шақыру тәртібі



Тиісті аумақ тұрғындарының мүддесіне қатысты неғұрлым маңызды мәселелерді қарау үшін поселкенің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтың 18 жасқа толған азаматтары өкілдерінің жиналысы өткізіледі.

Жиналысты поселке, село әкімі шақырады. Оны сондай-ақ аудан (қала) әкімі шақыруы немесе алдыңғы жиналыс құрамының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін.

Жиналысқа көшелерден, тұрғын үйлерден, шағын аудандардан немесе басқа аумақтық құрылымдардан азаматтар өкілдері жіберіледі. Өкілеттіктің қалыпты мөлшерін поселке, село әкімі немесе аудан (қала) әкімі белгілейді.

Өкілдердің кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда жиналыс заңды деп табылады.

Жиналысты әкім, ал ол болмаған жағдайда жиналыс ұсынған адам жүргізеді. Барлық мәселелер бойынша шешімдер ашық дауыс берумен және қатысушы өкілдердің көпшілік жай дауысымен қабылданады.

Жиналыста жиналыстың өткізілген күні, қатысқан өкілдер саны, күн тәртібі және қабылданған шешімдер көрсетілген хаттама жазылады. Жиналыстың хаттамасы мен шешіміне төрағалық етуші қол қояды және құжаттар тиісті аудан (қала) әкіміне жіберіледі.

#### 54-бап. Жиналыстың құзыреті

Жиналыстың қарауына мыналар жатады:

- поселке, село әкімінің өз қызметі туралы есебін тыңдау;
- өкілдер жиналысы қызметінің бағдарламасын, елді мекендерді көріктендіру және олардың санитариялық жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар жоспарын бекіту;
- өз аумағының инфрақұрылымын дамыту үшін меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, азаматтардың қаржыларын ерікті негізде бірлестіру мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- заңдарға сәйкес әкімшілік-аумақтық орналастыру мәселелерін қарау;
- поселке, село әкімінің өз қызметі туралы баяндамаларын тыңдау

және қажетті жағдайларда жиналысқа қатысушылардың жартысынан көбінің дауыс беруімен оған сенімсіздік білдіру;

- заңдарға сәйкес жер қатынастары саласындағы мәселелерді қарау;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жергілікті маңызы бар басқа да мәселелер шешу.

Жиналыс өзіне берілген өкілеттік шегінде шешімдер қабылдайды, оларды орындау тиісті аумақта тұратын барлық азаматтар үшін міндетті.

Жиналыстың заңдарға қайшы келетін шешімдері бойынша сотқа шағым жасалуы мүмкін.

## VI. ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

55-бап. Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының және жергілікті әкімшіліктің шешімдері бойынша сотқа шағым түсіру

Егер Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының және жергілікті әкімшіліктің шешімдері заңдарға қайшы келсе, азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің, мемлекеттік өкімет пен басқармалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, онда ол шешімдер бойынша сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Мүліктік дауларды облыстық Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының, облыстық әкімшіліктің қатысуымен Қазақстан Республикасының Жоғары Төрелік Соты шешеді.

56-бап. Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшілік қызметінің заңдылығына прокуратураның қадағалауы

Қазақстан Республикасының Бас прокуроры және оған бағынышты прокурорлар Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының, жергілікті әкімшіліктің Қазақстан Республикасы Конституциясын, заңдарын, Жоғарғы Кеңестің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің құжаттарын бұзбауын бақылауды жүзеге асырады.

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының, жергілікті әкімшіліктің Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Жоғарғы Кеңестің қаулыларына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің құжаттарына қайшы келетін шешімдері заңда белгіленген тәртіппен прокурордың наразылық білдіруіне жатады.

57-бап. Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшіліктің өздері қабылдаған шешімдері мен құжаттарға жауаптылығы

Мәслихат - Депутаттар жиналысы және жергілікті әкімшілік, өздері қабылдаған шешімдер үшін жауап береді.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, заңсыз шешімдері, құжаттары, әрекеттері немесе әрекетсіздігі салдарынан мемлекеттік органдарға, кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтарға келтірілген зиян өз қаржылары есебінен толық өтеледі. Шығынды өтеу туралы да у с о т т а ш е ш і л е д і .

Жергілікті өкілді және атқарушы органдар өз қызметкерлері немесе лауазымды адамдары келтірген шығындарды өтесе, осы өтелген шығын мөлшерінде, егер заң жүзінде өзге мөлшер белгіленбеген болса, кері талап қоюға қ ұ қ ы қ т а р ы б а р .

58-бап. Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімнің бір-бірінің заңдарға қайшы келетін шешімдерінің күшін жоюды талап етуге құқықтары

Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келеді, не қаржылық, материалдық немесе ұйымдық құралдармен жеткіліксіз қамтамасыз етілген деген пікірмен бір-бірінің кез-келген шешімдерінің күшін жоюды талап етуге Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен әкімнің құқығы бар.

Бұл туралы уәжді ұсыныс тиісті шешім қабылданған кезден бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей енгізіледі. Ұсыныс түсіру шешімнің орындалуын т о қ т а т а д ы .

Егер Мәслихат - Депутаттар жиналысы сайланған депутаттар санының үштен екі көпшілігімен, не яки әкім ұсынысты қабыл алмаған жағдайда, даулы шешімге с о т т ә р т і б і м е н ш а ғ ы м б е л г і л е у і м ү м к і н .

59-бап. Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкімшіліктің лауазымды адамдары үшін лауазым иелену мен кі р і с а л у д ы ш е к т е у

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының хатшысына, жергілікті әкімге және оның орынбасарларына, сондай-ақ Мәслихат - Депутаттар жиналысы органдары (тұрақты негізде жұмыс істейтін) және әкімшілік басшыларына:

- акционерлік қоғамды, серіктестікті және жауапкершілігі шектеулі, сондай-ақ өзге де мемлекеттік емес шаруашылық субъектілерін басқаруға дербес қ а т ы с у ғ а ;

- саяси партиялардың, қозғалыстардың, клубтардың басшы органдарында б о л у ғ а т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Аталған лауазымды адамдар осы баптың талаптарын бұзса, егер олардың әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық немесе қылмысты жауапқа тартатындай іс-әрекет болмаса, онда қызметтен босатуға дейін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

60-бап. Мәслихат - Депутаттар жиналысы мен жергілікті әкім өкілеттіктерінің мерзімнен бұрын тоқтатылуы

Мәслихат - Депутаттар жиналысы Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын әлденеше рет бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтатуы мүмкін.

Сондай-ақ жоғары тұрған Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі мынадай жағдайларда:

- егер жаңадан сайланған Мәслихат - Депутаттар жиналысы бірінші сессия ашылған күннен бастап бір ай ішінде құрылымын анықтамаса және өз органдарын құрмаса;

- егер Мәслихат - Депутаттар жиналысы депутаттардың кворум үшін қажетті санының келмеуі салдарынан екі айдан аса сессия шақыра алмаса, Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтатуы мүмкін.

Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының өкілеттігі сондай-ақ Мәслихат - Депутаттар жиналысының өзін-өзі таратқан жағдайда, егер бұл туралы шешім осы Мәслихат - Жиналыс депутаттарының кемінде үштен екісінің дауыс беруімен қабылданса, мерзімнен бұрын тоқтатылады.

Жергілікті әкімнің өкілеттігі:

- ол Қазақстан Республикасының азаматтығынан айрылған;
- жергілікті әкім тиісті әкімшілік-аумақтық мекен шегінен тыс

жерге тұрақты тұруға және жұмысқа кеткен;

- соттың әкімге айыптау үкімі заңдық күшіне енген;
- өкілеттігін тоқтату туралы өзі өтініш берген жағдайларда

тоқтатылады.

Аталған жағдайларда жергілікті әкімнің өкілеттігін тоқтату туралы шешімді жоғары тұрған атқарушы өкімет әкімі қабылдайды.

Жергілікті әкімнің өз міндеттерін тиісінше атқармағаны үшін қызметінен босатылуы жергілікті әкімшілік органдары басшыларының қызметтен кетуіне әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК